

**«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ**  
**Қоғамдық кеңестің отырысының**  
**ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

№ 6

2024 жылдың «24» желтоқсан  
2025 жылдың «09» қаңтар

«Kazakh Tourism» ҰК» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) орналасқан жері:  
Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік Ел  
даңғылы, 55/14 үй.

Қоғамның 2025 жылға арналған бюджеті толық талқыланбағандықтан,  
мәселені қосымша қарау 2025 жылғы 09 қаңтарға сағат 16:00-ге  
тағайындалды.

Қоғамның Қоғамдық кеңесінің (бұдан әрі – Қоғамдық кеңес) отырысы  
Meet.Google.com конференцбайланысы арқылы өткізіледі, сілтеме:  
<http://meet.google.com/qkw-aghw-nbf>,  
<https://calendar.app.google/xXngpSP7cPIEw79K6>.

**Отырысқа қатысқандар:**

Қоғамның Қоғамдық кеңесі келесі құрамда:

- коммерциялық емес ұйымдар мен азаматтардың өкілдері:

1. Берден Инжумаржан Мысырғалиқызы
2. Бисембина Динара Аскаровна
3. Боровая Наталья Алексеевна
4. Калкабаев Азамат Муратбекович
5. Курумбаев Айбулат Шамуратович
6. Нуркебаева Асель Болатовна
7. Оспанова Гульден Джетысовна
8. Салимова Вагида Вилиновна
9. Тикенов Еркін Амангельдинович

- «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ өкілдері:

10. Сержанұлы Даниел

Қоғамдық кеңесінің хатшысы: Бакаева Ш.М.

Отырысты өткізу үшін кворум сақталған.

**Күн тәртібі:**

1. 2025 жылға арналған «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның бюджеті  
бойынша жұмыс кездесуін өткізу.

**Күн тәртібіндегі мәселе бойынша** Басқарма Төрағасының  
орынбасары Сержанұлы Даниел сөз сөйлеп, Қоғамның 2025 жылға арналған  
бюджетін ұсынды, оның тиісті жолдары мен сомаларына тоқталды.

Тыңдау қорытындысы бойынша Қоғамдық кеңес мүшелері келесі  
сұрақтарды қойды:

1) Өткізілетін іс-шараларға шақыру бойынша кім шешім қабылдайды?

2) Іс-шараға қатысушыларды іріктеу критерийлері қандай?

3) Кормелер мен басқа да іс-шаралардың сценарийлерін кім әзірлейді? Олар бойынша қоғамда, бизнесте шағымдар бар ма?

4) Неліктен Қоғамның корпоративтік интернет-ресурсында Қоғамның қызметі туралы толық ақпарат жоқ, ішкі және келу туризмін дамыту мақсатында өткізілетін іс-шаралар көрсетілмеген?

5) Статистикалық деректерді, туристердің елге келуі туралы ақпаратты қайдан алуға болады, онлайн курстарды оқыту нәтижелері бойынша қанша жұмыс орны құрылды?

6) Қоғам алға тартқан интернет-ресурс бойынша КРІ мақсаттары бар ма?

7) Статистикалық деректерді алу үшін Қоғамда қандай кедергілер бар, қолжетімділік деңгейлері бойынша қандай шектеулер бар?

8) Қоғамдық кеңес мүшелеріне kazakhstan.travel портал деректеріне қол жеткізуге мүмкіндік бар ма?

9) Қоғам қандай инвестициялық жобаларды алға тартады?

10) Сана белгісі бойынша іріктеу критерийлері қандай?

11) Объектілерге сана белгісін беру жөніндегі комиссияның құрамына кім кіреді?

12) Коммерцияландыру қызметі не істейді?

Сондай-ақ, Қоғамдық кеңес мүшелерінен заңнамадағы туристік өнімнің анықтамасын, форматын, онлайн оқыту тақырыптарын өзгерту, сауалнамаларды бірлесіп жасау және коммерцияландыру қызметімен ынтымақтастық жөнінде ұсыныстар түсті.

Сержанұлы Даниел сұрақтарға жауаптар берді, сондай-ақ Қоғамдық кеңес мүшелерінің ұсыныстарын назарға алу туралы хабарлады.

Күн тәртібіндегі мәселені қарау нәтижелері бойынша Қоғамдық кеңес мүшелеріне дауыс беруге және Қоғамдық кеңестің әрбір мүшесінің пікірін жазбаша түрде сұратуға арналған бюллетеньдер жіберілді.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің дауыс беру үшін бюллетеньдерді тапсырудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы 22 қаңтар, сағат 13.00. Дауыс беру нәтижелерін санау күні: 2025 жылғы 22 желтоқсан, сағат 14.30.

Жазбаша түрде пікірі бар ұсынылған бюллетень болмаған жағдайда, Қоғамдық кеңес мүшесі келесі шешімді «Қолдан» дауыс берді деп есептеледі:

1. «Kazakh Tourism» ҮК» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) ұсынған ақпарат назарға алынсын.

2. Қоғамдық кеңестің келесі отырысында Қоғамның коммерцияландыру қызметін тыңдау.

Күн тәртібі мәселесі бойынша бюллетеньдерге сәйкес дауыс беру қорытындылары және қабылданған шешім:

Қоғамдық кеңес мүшелерінің бюллетеньдері нәтижесінде келесі шешім қабылданды:

1. «Kazakh Tourism» ҰК» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) ұсынған ақпарат назарға алынды.
2. Қоғамдық кеңестің келесі отырысында Қоғамның коммерцияландыру қызметін тыңдау.

Дауыс беру нұсқалары	Дауыс саны
«қолдады»	9
«қарсы»	0
«қалыс қалды»	1
Шешім көпшілік дауыспен қабылданды	

\* Қоғамдық кеңестің мүшесі В. Салимова 1-тармақ бойынша шешім қабылдаудан бас тартты.

Қоғамдық кеңес отырысының күн тәртібіне қойылған барлық мәселелер қаралды. Олар бойынша осы Хаттамаға қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Қоғамның ресми интернет-ресурсында жарияланатын шешімдер қабылданды.

Қоғамдық кеңесінің  
Торағасы

  
Г. Осанова

Қоғамдық кеңесінің  
Хатшысы

  
Ш. Бакаева